

«ТӘРБИЕНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ВОСПИТАНИЯ. ПРОБЛЕМЫ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО САМООПРЕДЕЛЕНИЯ СТАРШЕКЛАССНИКОВ»

ЗАМАНАУИ ОТБАСЫНДАҒЫ АЙТУЛЫ МӘСЕЛЕЛЕР

*Ақтас Гүлсезім Қаныбекқызы
ҚМПИ, Бейнелеу өнері және сызу
мамандығының 2-курс
Ғылыми жетекшісі:
аға оқытушы Шалғымбекова Ә.Б*

Мамандардың сөзіне сенсек, бүгінгі Қазақстанда төрт миллионнан аса отбасы бар. «Отбасы – шағын мемлекет...». Елімізде қаншама шағын мемлекет барын өзіңіз ойлап көріңіз енді. Сол «шағын мемлекеттердің» рухани-әлеуметтік жағдайының жай-күйін ойлегінен тағы бір өткізіп алыңыз. Бұлай деуімнің себебі, отбасы мәселесін зерттеп жүрген кез келген сала ғалымдарының сөзіне құлақ ассаңыз, заманауи отбасының дағдарыста тұрғанын мәселе қылып көтереді. Және бұл Қазақстанға ғана тән құбылыс емес. Заманауи отбасының жай-күйі қазір көптеген елде талқыланып жатқаны біз айтпай-ақ белгілі. Бұл жағына тереңдемей-ақ қоялық. Отбасы құлдыраса не тұр, ең әуелі адам, қоғам аман болсын деуге де болар еді. Олай айтсақ, қатты қателесетін түріміз бар. «Қоғамның бастауы – отбасы» деген пікірмен келіспейтін жан жоқ шығар. Адамзаттың дамуында отбасының қомақты рөлін жоққа шығару тіптен ұят. Ол аз десеніз, сіз бен біз өмір сүріп отырған қоғамның қалыптасуына үлкен серпін берген де осы отбасы екенін мамандардың өзі мойындайды. Міне, осы әлеуметтік институтты жоғалтар болсақ, не боларын болжаудың өзі қиын. Бұлай қауіп айтуымыздың себебі – отбасы әлеуметтік институт ретінде құлдырап, өз рөлінен алшақтап барады. Бұл да біздің сөз емес. Мамандардың ескертуі. Ең әуелі, отбасы институты деген не? Қарапайым ғана сөзбен түсіндірсек, Жер бетінде мемлекет, білім, армия, керек десеніз, нарықтық қарым-қатынастар пайда болмай тұрып-ақ, ең алғашқы болып құрылған, адамзаттық қоғамның қалыптасуына, дамуына үлкен ықпал еткен ежелгі әлеуметтік институт – отбасы деп аталады.

Көңілімізге медеу болатыны – 2009 жылғы жалпыхалықтық санақ нәтижесіне сенсек, 1999 жылғымен салыстырғанда отбасылардың саны 13,8%-ға өскен екен. Өкініштісі, отбасындағы орташа адам саны 3,5 адамға қысқарған. ҚР Статистика агенттігінің ақпаратында «Екі адамнан тұратын отбасы – 30,1%, үш адамнан құралған отбасы – 26,7%, төрт адамнан құралған отбасы – 22,2%. Бес адамнан құралған отбасы бар болғаны – 11,7%, алты адамнан құралған отбасы – 5,6%, жеті адамнан құралған отбасы – 1,9%. 8 – 10 адамнан құралған отбасының мөлшері тіптен аз, бар болғаны – 0,2%» екені көрсетілген. Бүгінгі күннің ағымы қоғамдағы отбасының рөлін өзгертіп қана қоймай, отбасының қызмет аясын, сипатын, мазмұнын да өзгеріске ұшыратқан. Қазір ата-аналардың қызмет аясы отбасылық шаруашылықты жүргізумен ғана шектеліп отырған шаңырақтар кездеседі. Тәрбие негізінен балабақша, білім беру мекемелерінің шаруасы дейтіндер де бар. Ол аз десеніз, БАҚ арқылы кең көлемде насихатталып жатқан шетелдік мәдениеттің әсерін қосып қойыңыз. Өмірдің шындығын ата-анасынан естіп, отбасынан көрмеген бала теледидарға сенбегенде қайтпек? Міне, осы себептерге байланысты отбасы деген ұғымның өзі «заманына орай» өзгеріске түскен, «түзету мен толықтырулар» енгізілген. Бір ғана мысал, осы күні ажырасу мен толық емес отбасы – қалыпты дүние есебінде қарастырыла береді. «Бұрынырақта...» ауылда бірлі-жарым ажырасу оқиғаларын естіп жатамыз, бірақ ол сол кезде өте бір ұят нәрсе секілді

болып көрінетін. «Ажырасу» деген сөз, сыбырлап қана айтылатын. Осы күні ше? «Бұлай жүре берсең, жынданып кетерсің» деп, қызымды үйге әкеліп алдым... «Кім ажыраспай жатыр дейсің, ең әуелі жан амандығы керек»... «Ішіме сиған балам, сыртыма да сияды»... «Ары кетсе қызы қайтып келді дер», «Күйеуге тимей жүрген қыз көп, соның біреуін қайта ала саларсың»... Қазіргілер дауысын анық шығарып, нығырлап айтады. Дауысты қойшы, «ажырасу – ұят» деген сезімді айтсаңызшы. Жалғыздікті отбасы мүшесіне біздің қоғамның еті үйренген. Әкесіз өсуге бейімделген бала да бар. Әйел өзінің ұлын, не қызын жалғыз өзі дүниеге әкеліп (некесіз), асырап бағуы (ажырасу) ұят саналмайды. Қазақта «шеше көрген тон пішер, әке көрген оқ жонар» деген сөз бар. Мұндай тәрбие көрген қыз баланың болашақтағы әдеп-қылығының қандай болмағын айтып жату артықтық етер. Ал жалғыздікті әйелдің перзенті ұл бала болса ше? Күндердің күнінде ол бала ержетіп, шаңырақ көтергісі келмей ме? Ал қазақта – «келін қайын ененің топырағынан». Яғни, бала өз анасына ұқсас әйел алса, ол келін де жалғыз өмір сүргісі келмесіне кім кепіл? Әрине, сөзіміз шындыққа сәйкес келмеуі де мүмкін... Дініміз ажырасуға мүлдем болмайды демейді. Мұсылмандықта ерекше бір жағдайларда, тығырықтан шығар басқа жол қалмағанда ажырасуға рұқсат берілген. Үлкен себептердің кесірінен шаңырағын шайқалтып алған жүрегі жаралы жандардың жан жарасын тырнағымыз келмейді. Біздің тілге тиек етіп отырған себептеріміз басқа. Бүгінгі қоғамда әйелдердің өзімшілдігі байқалады. Себебі, заманауи әйел ер-азаматпен бір деңгейде жұмыс істеп, кіріс кіргізуге қабілетті. Бұл әйелді қаржылық, әлеуметтік тұрғыдан тәуелсіз ете түспек. Нарық заңы да – осы. Ер-азаматтардың да мәселесі оңып тұрғаны шамалы: «Қыз – табылады!»... Міне, осындай өзімшілдік мендеген қоғамда ер мен әйелдің бір-бірін түсініп, бір-бірінің ығына жығылып, айтқанына көнуі, бір-бірінің сөзіне құлақ асуы, отбасы мүшелерінің ортақ шаңырақ астында бірігуі жылы қарым-қатынас орнатуы – күрделі мәселеге айналып кеткендей. Нарықтық қатынастар да баланы өмірге әкеле бергенше, мансап қуу керек екенін айтады. Ал демографтар ата-ана дәнекері – бала саны азайғанын мәселе қылып көтеруде. Егер осы бір мәселенің шешімін қазірден таппасақ, болашақ қазақ үшін отбасы – өз құндылығын жоғалтып қана қоймай, ұлттық көбеюіміздің сәгілуіне де түрткі болары сөзсіз. Оның үстіне, адамның жан басына шаққанда ажырасу көрсеткіші ең жоғарғы үш ел байырғы посткеңестік мемлекеттер: Ресей, Белорусия, Украина екенін естен шығармаған жөн. Иә, тегі өзге болса да, дәл осы мемлекеттермен біз бір идеология аясында өмір кешкенбіз. Жетпіс жыл бойы болашақты бірге жоспарлағанбыз. Мұны да естен шығармаған абзал. Өткен ғасырдың 50 жылдары Қазақстанда некеге тұрған 100 жұптың біреуі ғана ажырасқан екен. Одан бері неке бұзу әдеті көбеймесе, кемімегені белгілі: 1960 жылдары 30 отбасының – біреуі; 1970 жылдары әрбір алты отбасының бірі; 1980 төрт отбасының бірі; ал 1990 жылдары үш отбасының бірі ажырасып тынғанын мамандар дерек қылады. Неге ажырасады? Себеп көп. Әлеуметтік, экономикалық, пікір алуандығы... «Үй-жоқ, күй жоқ, тұрақты кіріс көзі жоқ, сосын ажырасып кеттім» дейтін себеп айтатындар көп. Бірақ ажырасқаннан қалтасына алтын-күміс сауылдап құйылып жатқанын тағы байқамадық. Яғни, біздіңше, әлеуметтік-экономикалық жағдайдың нашарлығы неке бұзу фактісінің айқын бір себебі емес. Тіпті, аузынан ақ май ақтарылып жатқан Батыс елдерін мысалға алайықшы. Қайта «тамағы тоқтық, көйлегі көктік» – ажырасудың басты көрсеткіші ме деген ойға қаласың. Қандай себеп айтсақ та, бүгінгі жастар ажырасудан үрікпейтінін атап көрсеткіміз келеді. Ажырасқан деген сөз қазір қорлық емес. Жәй, «көлігін сатып жіберіп, басқа көлік алғалы жүр екен» деген сияқты. (Мұншама сұрықсыз салыстырма жасағаным үшін, отбасынүлкен құндылық ретінде бағалайтындардан кешірім сұраймын). Жастар отбасын жоғалтып алудан қорықпайды, себебі отбасын қайта-қайта құра беруге болады ғой. Өзімшілдіктің бастауы осы. Рухани кедейленген, өзімшілдігі асқынған адам ғұмыр бойы өзін бір ғана адамға байлап қойғысы жоқ, оған ғұмыр бойы адал болып өтті дегенге қазір ешкім сенбейді.

Ажырасудың бір себебі – маскүнемдік пен нашақорлық деседі. Статистикалық мәліметтерге жүгінсек, отбасының шырқы дәл осы себеппен көбірек бұзылатын көрінеді. Әлеуметтік жағдайдың нашарлығы (баспананың болмауы) – 41%, жас жұбайлардың

отбасылық өмірге әлі де болса дайын болмауы – 31%, тұрмыстық жағдайының төмендігі – 29%, туыстар арасындағы түсініспеушілік – 18%, нәрестенің болмауы – 10%... Әйтеуір, ажырасудың себебі көп, ажыраспаудың себебі жоқ. Түсіну, сыйластық, жақсы көру – бүгінгі қоғам үшін алыстап бара жатқандай көрінеді.

Гендік жүйенің отбасылық тәрбиеге тікелей әсері болмаса да жанама әсері бары сөзсіз. Сол үшін отбасындағы жақсы тәрбиені, құндылықтарды біз жоғалтпауға тырысуымыз керек. Қазақтағы жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүрі қазірдің өзінде сақталған. Бұл дәстүрді шетелдің беделді ғалымдары да өте үлкен құндылық деп бағалайды. Өйткені адам организміндегі көптеген гендік мутациялар (өзгерістер) осы туыс аралық немесе қандас некелер арасында туындайды, яғни гендік мутациялардың көріну жиілігі осы некелер арасында артады. Бұл ғылыми тұрғыдан дәлелденген тұжырымдама. Атамыз қазақ осындай жағдайларды ерте заманда байқаған, жеті атаға дейін қыз алуға тыйым салып отырған.

Енді отбасындағы құндылықтарға келетін болсақ, ол әрине шаңырақтан бастау алады. Отбасынан басталған тәрбие бертін келе баланың санасына әсер етіп, одан болашақта елін сүйетін патриот тұлға өседі. Енді осы баланың санасының сыртқы орта тәрбиесін дұрыс қабылдауына, толассыз ақпараттарды басында өңдеуіне, яғни ненің жаман, ненің жақсы екенін дұрыс ажырату қабілеттілігіне де ген әсер ететіні анықталған. Сондықтан да отбасында көптеген жылдар бойы қалыптасқан қандай да болмасын ерекшеліктер гендік қорға тікелей болмаса да жанама әсер ететіні анықталған. Мысалы, жалпы ұлт деңгейінде қарайтын болсаңыз, қазақ халқында отбасында бала тәрбиелеуде баланың ісіне тосқауыл қойып отыру бар. Оны жасырмаймыз. Ол баланың санасында қабілетсіздікті, жасқаншақтықты тудырады, яғни «ол нәрсені мен істей алмаймын» деген балада сенімсіздік пайда болады. Әрине, бұл балаға толық еркіндік бер деген сөз емес, басқалай, баланың бетінен қақпай отырып, ойын есебінде санасын, зейінін басқа жаққа бұру арқылы тәрбиелеу керек. Көп адамның мұндай тәсілге шыдамы жетпейді. Жапон елінің бала тәрбиесінде 5-6 жасқа дейін баланың бетінен қақпау қалыптасқан. Яғни осы уақыт аралығында балада болашақ тұлғаға лайық мінез қалыптасады деп саналады. Осы жерде баланы ойын арқылы санасын басқа жаққа бұру тәсілі қолданылады. Ал ары қарай 15 жасқа дейін балаға деген талаптар күшейеді. Бала 15 жастан кейін үлкендермен бірдей жағдайда қарым-қатынаста болады. Көптеген әдебиеттер осы Жапон елінің тәрбиесін үлгі етіп жазады.

Баланың тәрбиесі негізінен отбасыдан басталатыны бәрімізге белгілі. Баланың миы кәдімгі ақ парақ сияқты тап-таза, яғни онда көп ақпараттар әлі жазылмаған. Баланың келешекте жақсы адам болуына сыртқы орта факторлары, оның ішінде, негізгісі – тәрбиенің алатын орны зор. Сонымен қатар, адамдағы мінез-құлықтың және сол адамның жеке тұлға болып қалыптасуына геннің де әсері мол. Қазақ халқында мынадай сөз тіркестері бар: «... тегіне қарап ...» немесе « ... тегі мықты ...», тағы сол сияқты. Яғни бұл жерде «тегі» деген сөз ғылыми тілде айтқанда – «гені» деген сөз. Қазіргі кездегі көптеген ғылыми еңбектер арқылы тұлғаның қалыптасуына гендік жүйелер және сыртқы орта факторларының бірдей әсер ететіні анықталған. Адамның мінез-құлқының және психикасының қалыптасуына әсер ететін гендер қалыпты жағдайда жұмыс істеп тұрса, онда ол адамнан шоқтығы биік тұлға қалыптасатыны сөзсіз.

Отбасы құндылық ретінде әрқашан, әртүрлі бір басымдыққа ие болған. Мысалы, осыдан 25-30 жыл бұрын жүргізілген әлеуметтік зерттеулерде «Сіз үшін не құнды?» деген сұрақтың жауабы ретінде жастар «Бірінші кезекте – Отан, екінші – махаббат, үшінші – отбасы, бала» дейтін. Ал енді 2000 жылдың ортасынан бастап бұл иерархияда үлкен өзгерістер пайда болды. Жастар «Алғашқы орында – материалдық жағдай, екінші – мансап, үшінші – білім алу» деп, отбасы, бала деген құндылықтар тоғызыншы, оныншы орындарға ысырылып қалды. Демек, бұл соңғы 25-30 жыл ішінде құндылықтар жүйесінде күрделі бір өзгерістер болғанын көрсетеді.

Отбасын құру, отбасында өмір сүру адамнан үлкен ептілікті, көрегенділікті, шыдамдылықты талап етеді. Ал бүгінгі жастардың, отау құрып жатқандардың көбі бір үйдің мәпелеп өсірген жалғыз-жарым ұл-қыздары. Бір отбасында ерке өскен балалар өзге біреумен

жарасып, тіл табысса да, уақыт өте келе оны тұрақты қарым-қатынасқа айналдыра алмайды. Соның кесірінен кеше ғана сүйдім-күйдім деп қосылған екі жас бір-бірімен ажырасып жатады. Өйткені өзара түсіністік, түсінуге тырысушылық, шыдам, кешірім жоқ. Қиын-қыстау кезде бір-біріне қолдау көрсетуге дағдыланбаған. Мен жоғарыда атап өткен сезімдерді жастардың бойынан неге аз кездестіреміз? Мұны бір ғана мысалмен түсіндіріп өтейін. Кезінде бір отбасында кемі 5-6 бала өскен. Олар бір-бірін сүйреп, бірі-бірінің киімін ауыстырып киіп, біреуіне-біреуі қолдау көрсетіп, үлкен дастархан басында бір таба нанды бөліп жеп, ержеткен еді. Әлі есімде, менің құрдастарымның көбі өз бауырларының тамағын беріп, ойнататын, сабағын бірге қарасатын, себебі әке-шеше жұмыста жүрді.

Қазіргі балалар ше? Өзіне ғана қарайды. Киімі, тамағы, ойыны – өзі үшін ғана. Себебі, ол жалғыз. Бүгінгі қоғамдағы өзімшілдік дерті – отбасындағы бала санының аздығынан деп білемін. Ол бала егоист болып өседі. Ержеткеннен кейін сол егоист қалпында қала береді. Біреудің сөзін, қылығын көтермейді. Біреуді түсінуге тырыспайды.

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал ағаш өсіп, діңі қатайғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сөзімнің соңында баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікке тәрбиелеуде отбасының рөлі бәрінен жоғары дегім келеді.

ФОРМИРОВАНИЕ ЭСТЕТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ НА УРОКАХ ИЗО

*Анашкина Виолетта Александровна
КГПИ 3 курс, специальность 5В010700
«Изобразительное искусство и черчение»
г.Костанай
Архипова К.Г.
магистр педагогики и психологии
преподаватель*

Современное казахстанское общество требует от человека не только политехнизма знаний, глубокой специализации в различных областях науки и техники, умения жить, сосуществовать в обществе, но и высокого культурного уровня. Ускоренное информационное развитие, глобально научно-технический прогресс и стремление к инновационным технологиям, в настоящее время приводит нравственно культурную составляющую в сфере воспитания, в упадок. Все чаще эстетическому воспитанию ребенка отводится второстепенная роль. Эстетическое воспитание предполагает формирование нравственно-духовных ценностей через приобщение к прекрасному, через художественную культуру, через приобщение к мировым художественным ценностям эпох и народов, через призму национального и общечеловеческого. Формирование средствами искусства человека с новым, более высоким уровнем самосознания, способностью к концептуальному мышлению, целостному видению мира, воплощению ценностных представлений о нем в собственной творческой деятельности, умению жить в коллективе, проявлять себя в общении с миром культуры и людьми является важной задачей на современном этапе развития. Ретроспективный анализ данного вопроса представляет несомненную актуальность. Становление и развитие эстетического воспитания, художественного, художественно-педагогического образования в Казахстане происходило параллельно с развитием профессионального изобразительного искусства Казахстана и формированием национальной художественной школы.

Так же концепция воспитания Республики Казахстана гласит о важности, не только интеллектуальных особенностей подрастающего поколения, но и о культурных навыках.